Күнделікті нарыққа шолу

сейсенбі, 19 тамыз 2025 ж.

Қор нарықтары…

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 449	-0,01%	9,9%
NASDAQ	21 630	0,03%	12,2%
DJIA	44 912	-0,08%	5,9%
CBOE Volatility Index (VIX)	15	-0,66%	-16,4%
Еуропа			
FTSE 100	9 158	0,21%	10,9%
DAX	2 069	-0,08%	21,3%
Азия			
Hang Seng	25 177	-0,37%	28,3%
Nikkei 225	43 839	0,88%	9,9%
Shanghai SE	3 728	0,85%	14,3%
Қазақстан			
KASE	6 834	-0,42%	20,4%



Дүйсенбі күні қор нарығындағы сауда әртүрлі бағытта аяқталды: S&P 500 0,01%-ға төмендеп $6 449,15 деңгейіне түсті; Nasdaq Composite 0,03%-ға өсіп $21 629,15 деңгейіне жетті; DJI 0,08%-ға төмендеп $44 911,82 құрады. S&P 500 индексіндегі 11 сектордың 8-і сауда барысында төмендеді. Негізгі аутсайдерлер – Real Estate (-0,8%), Energy (-0,7%) және Utilities (-0,6%) секторлары болды. Өсім көрсеткендер – Information Technology (+0,7%), Industrials (+0,6%) және Consumer Discretionary (+0,2%).

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	8 780 484 150 998	-0,2%	1,7%	24,2%
Consumer Discretionary	6 306 638 221 788	0,2%	3,9%	21,5%
Consumer Staples	3 389 865 194 064	-0,4%	1,9%	-4,7%
Energy	1 537 610 430 129	-0,7%	-0,6%	-5,3%
Financials	7 783 930 758 675	0,0%	0,2%	16,1%
Industrials	4 559 837 312 828	0,6%	1,4%	19,0%
Information Technology	18 867 213 812 491	0,7%	-0,1%	19,1%
Materials	1 014 378 898 686	-0,5%	-3,5%	-2,6%
Real Estate	1 033 592 485 799	-0,8%	-2,8%	-4,6%
Utilities	1 179 700 373 682	-0,6%	1,5%	16,8%
Health Care	5 104 429 991 207	-0,3%	4,9%	-6,5%

Дүйсенбі күні Уолл-стрит пен жетекші еуропалық алаңдардағы сауда негізінен бейтарап қозғалыспен немесе аздаған төмендеумен аяқталды. Бұған осы аптада өтетін және АҚШ-тың пайыздық саясатындағы одан арғы бағытты айқындайтын негізгі орталық банктер отырысына деген күтулер әсер етті.

Осы аяда инвесторлар Владимир Зеленский мен президент Дональд Трамптың кездесуін де қадағалады. Дүйсенбі күні американдық көшбасшы АҚШ Еуропаға Ресеймен соғысты тоқтату жөніндегі ықтимал келісім аясында Украинаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қолдау көрсететінін мәлімдеді. Сонымен қатар екі президент Владимир Путинмен үшжақты кездесу өткізу қажеттігін атап өтті.

Саяси жағдайдың дамуын қатысушылардың пікірлері де айқындады: Зеленский бұл кездесуді «біздің барлық кездесулеріміздің ішіндегі ең үздігі» деп бағаласа, Трамп АҚШ Ресейдің аймақтағы агрессиясын тоқтатуға алып келетін кез келген келісім аясында Украинаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын екенін айтты.

Сонымен қатар нарықтардың назарында ақша-несие саясаты қалды. Инвесторлар қырқүйекте ФРЖ мөлшерлемесін 25 б.п.-қа төмендету ықтималдығын енгізіп отыр, алайда жыл соңына дейін қосымша жұмсарту мүмкіндігі азайды. Соңғы деректер АҚШ енгізген баждардың әзірге инфляцияға әсер етпегенін көрсетсе де, еңбек нарығының әлсіздігі реттеушінің жұмсақ ұстанымына деген күтулерді күшейтті. 21–23 тамызда өтетін симпозиумда ФРЖ төрағасы Джером Пауэллдің сөзі саясаттың одан арғы бағытына қатысты жаңа бағдар бере алады. CME FedWatch деректеріне сәйкес, қыркүйекте мөлшерлемені төмендету ықтималдығы 83,6% болып бағаланады.

Корпоративтік фронтта маңызды оқиға ретінде күн энергетикасы секторындағы компания акцияларының өсуі болды. SunRun мен First Solar қағаздары АҚШ Қаржы министрлігі күн және жел энергетикасы саласындағы жобаларды федералдық салықтық субсидиялау ережелерін жариялағаннан кейін сәйкесінше 11,35% және 9,69%-ға қымбаттады. Құжат инвесторлар күткендей қатаң болмады, бұл осы қағаздарға деген қызығушылықты айтарлықтай арттырды.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халык Банк	369	1%	34,7%
Банк ЦентрКредит	4 600	-2%	100,7%
Kcell	3 378	0%	-0,1%
Казатомпром	24 120	0%	17,9%
КазТрансОйл	808	0%	-1,8%
КЕГОК	1 445	0%	-5,0%
Kaspi.kz	51 373	0%	-6,3%
КазМунайГаз	19 819	-1%	35,5%
Эйр Астана	748	-1%	-34,5%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	538,42	-0,35%	2,6%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,84	-0,25%	-22,5%
EUR/USD	1,1660	-0,32%	13,6%

** Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%*

Дереккөз: Refinitiv Eikon







Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз https://t.me/centrassecurities
Біздің сайт: https://cesec.kz/

Байланыс

Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ “Сентрас Секьюритиз” -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ “Сентрас Секьюритиз” тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты “Сентрас Секьюритиз”-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ “Сентрас Секьюритиз”, оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ “Сентрас Секьюритиз”-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.